

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. **«Дене шынықтыру»** ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

Міндеттері: Балабақшалар жанында **«Әжелер мектебін»**, **«Аналар мектебін»**, **«Әкелер мектебін»** ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҰ ның тығыз ынтымақтастығы қажет. Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту үшін: балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отбасының және МДҰ-ның күш жігерін біріктіру, әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату; ата-аналарды, тәрбиеленушілер мен педагогтерді өзара түсіністік, ортақ мүдделер, қарым-қатынасқа оң көңіл-күй және қайырымды өзара қолдау атмосферасын құру; ата-аналармен және балалардың заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастық орнату үшін педагогтерді даярлау қажет. Бұл бағыттарды іске асыруда балабақшалар жанында **«Әжелер мектебін»**, **«Аналар мектебін»**, **«Әкелер мектебін»** ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру. МДҰ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру қажет. Қоғамда баланы тәрбиелеу және оның дамуы үнемі бірлескен әлеуметтік ортаға интеграцияланған. Бұл – ұлттық мәдени кодқа, іс әрекеттің тәуелсіздігіне,

Отан мен ана тіліне деген еркіндік пен мақтаныш сезіміне сүйене отырып, қазіргі заман жағдайында баланың бойында өмірлік 14 дағдыларды қалыптастыру қағидатының негізі.